

## **Қазақстан Республикасының Білім министрлігі бюджеттік мекемелердің жылу энергиясын пайдаланғаны үшін республикалық бюджетке берешегін өтеу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 1996 жылғы 21 мамыр N 234-ө

Қазақстан Республикасының Білім министрлігі бюджеттік мекемелерінің жылу энергиясын пайдаланғаны үшін Қызылорда 6-ЖЭО алдындағы жинақталып қалған берешегін, сондай-ақ Қызылорда 6-ЖЭО-ның республикалық бюджетке берешегін ( импорт бажынан түсетін кірістер) қысқарту мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджет пен Қызылорда 6-ЖЭО арасындағы берешекке 1996 жылғы 17 сәуірдегі жағдай бойынша 9,78 млн. (тоғыз миллион жеті жүз сексен мың) теңге біржолғы есептеу жүргізісін.

Аталған сома Қазақстан Республикасының Білім министрлігінің қаржыландыру есебіне республикалық бюджеттің кірісі мен шығыс бөліктерінде көрсетіле отырып есептелсін.

2. Қызылорда облысы бойынша кеден басқармасы аталған есептеуді жүргізу есебіне Қызылорда 6-ЖЭО-ның импортталатын тауарлар бойынша кеден бажын төлеу жөніндегі 9,78 млн. теңге сомасындағы берешекті өтесін.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі Қызылорда 6-ЖЭО-мен бірлесіп аталған есептеуді жүргізу есебіне Қазақстан Республикасының Білім министрлігі ұстап отырған Қызылорда агроөнеркәсіп кешенінің инженерлер институтының (9116 мың теңге) және Қызылорда мемлекеттік университетінің (664 мың теңге), жалпы сомасы 9,78 млн. теңге берешектерін өтейтін болсын.

Премьер-Министр